

Ленин жуму

К(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Комитетінің және К(б)П Петрозаводск қалалық Комитетінің органы

Шы уына
24-ші жыл
№ 169
(65118)
1943 жыл
Сәрсенбі
1 сентябрь
Бағасы
20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығы

Генерал-полковник **ТОЛБУХИНГЕ**

Оңтүстік майданының әскерлері қатты ұрыстардың нәтижесінде немістердің Таганрогтегі әскер тобын талқандап, бүгін, 30 августа ТАГАНРОГ қаласын алды.

Әскерлеріміздің Оңтүстікте ие болған бұл жаңа жеңісі жаудың әскерлерінің тылына бұзып өткен атты әскер және механизациялы құрамалардың батыл маневр жасауы нәтижесінде болды.

Жүргізілген ұрыстардың нәтижесінде әскерлеріміз Ростов облысын неміс басқыншылардан толық азат етті.

Ростов облысы мен ТАГАНРОГ қаласын азат ету үшін жүргізілген ұрыстарда Кубань казактары—гвардия генерал-лейтенанты КИРИЧЕНКОНЫҢ атты әскерлері, танк әскерлерінің гвардия генерал-лейтенанты ТАНАСЧИШИННИҢ сталинградтық-танкистері, генерал-лейтенант ЦВЕТАЕВТЫҢ, генерал-лейтенант ЗАХАРОВТЫҢ, генерал-лейтенант ГЕРАСИМЕНКОНЫҢ, генерал-лейтенант ХОМЕНКОНЫҢ әскерлері мен авиация генерал-лейтенанты ХРЮКИННИҢ летчиктері ерекше көзге түсті.

Ростов облысы мен ТАГАНРОГ қаласының азат етілуі хұрметіне:

130-атқыштар дивизиясына,
Азербайжандардан құралған 416-атқыштар дивизиясына, Таганрог дивизиялары атағы беріліп, бұдан былай олар:

130-Таганрог атқыштар дивизиясы,
416-Таганрог атқыштар дивизиясы деп аталсын.

ТАГАНРОГ жанындағы жеңістің хұрметіне бүгін, 30 августа, 19 сағат 30 минутте Станымыздың астанасы—Москва 124 зеңбірекпен онекі дүркін артиллерия оғын атып, Ростов облысы мен ТАГАНРОГ қаласын азат еткен айбынды әскерлерімізге хұрмет көрсетеді.

Ростов облысы мен ТАГАНРОГ қаласын азат ету ұрыстарына қатынасқан, Сіздердің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне және еналдымен:

Полковник СЫЧЕВТЫҢ 130-Таганрог атқыштар дивизиясына,
Полковник СЫЗРАНОВТЫҢ 416-Таганрог атқыштар дивизиясына,
Майор ТАТИРОВТЫҢ 15-механизациялы бригадасына,
Подполковник ЖИДКОВТЫҢ 6-Гвардия танк бригадасына,
Полковник ГРИНЕВИЧТИҢ 32-Гвардия танк бригадасына,
Подполковник ЕПАНШИННИҢ 4-механизациялы бригадасына,
Генерал-майор ТУТАРИНОВТЫҢ 9-Гвардия Кубань атты әскер дивизиясына,

Генерал-майор ГОЛОВСКИЙДИҢ 30-атты әскер дивизиясына,
Генерал-майор УТВЕНКОНЫҢ 31-Гвардия атқыштар корпусына,
Полковник АВДЕЕВТИҢ 1-бекіністі ауданының Гвардия пулемет артиллерия батальонына,

Полковник АЛЕКСЕЕВТИҢ екінші Гвардия артиллерия дивизиясына,

Полковник КУДРЯШЕВТИҢ 236-истребительдік авиация дивизиясына,

Полковник ЧУЧЕВТИҢ 270-бомбашы авиация дивизиясына,
Подполковник МОРОЗОВТЫҢ 9-Гвардия истребительдік авиация полкіне,

Майор ЕРЕМИННИҢ 31-Гвардия истребительдік авиация полкіне

ыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін алғыс жариялаймын.

Отанымыздың бостандығы үшін күресте қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін.

Неміс оккупанттар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Союзының Маршалы **И. СТАЛИН.**

1943 жылғы 30 август.

ТАГАНРОГТИ АЗАТ ЕТКЕН АЙБЫНДЫ ӘСКЕРЛЕРІМІЗГЕ МОСКВА ХҰРМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Союзының Маршалы Сталин жолдатын, бұйрығы бойынша, кеше 30 августа, Станымыздың астанасы — Москва, Таганрог қаласын азат еткен, бүкіл Ростов облысын неміс басқыншылардан азат ету ісін аяқтан айбынды әскерлерімізге хұрмет көрсетті.

9 сағат 30 минутте 124 зеңбіректен алғаш рет топтап артиллерия

оғы атылды, аспанда ракеталар жарқырады. Хұрмет көрсету 3 минутке созылды. 15 секунд ішінде артиллериядан 12 дүркін оқтың-оқтың оқ атылды.

Ростов облысы мен Таганрог қаласын азат ету хұрметіне хұрмет көрсету радио арқылы таратылды. Оны Москвамен бірге бүкіл еліміз тыңдады.

(ТАСС).

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН 30 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

Оңтүстік майданының әскерлері қатты ұрыстардың нәтижесінде немістердің Таганрогтегі әскер тобын талқандап, 30 августа ТАГАНРОГ қаласын алды. Әскерлеріміз 150ден аса елді пунктті, оның ішінде АНАСТАСИЕВКА, ФЕДОРОВКА аудан орталықтарын, дұшпанның қарсылық жасайтын ПОВСКОЕ, ТРОИЦКОЕ, САМБЕК, ВАРЕНОВКА, НИКОЛАЕВКА, НОСОВО, ЛОМ КИНО, ВЕСЕЛО-ВОЗНЕСЕНКА ірі тораптарын, сол сияқты, КУТЕЙНИКОВО темір жол станциясын алды. Сонымен, Ростов облысы неміс басқыншылардан толық азат етілді. Дұшпанның Таганрогтегі талқандалған әскер тобы бөлімдерінің қалдықтарын әскерлеріміз қоршап алып, жоюда.

БРЯНСКІНІҢ оңтүстік жағында шабуыл жасаушы әскерлеріміз 10нан 20 километр дейін алға басып, 50ден аса елді пункттерді алды.

ХАРЬКОВТЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағындағы ауданда әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, бірнеше елді пункттерді алды.

29 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 150 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясының оғымен дұшпанның 59 самоләті атып түсірілді.

* * *

Оңтүстік майданының әскерлері қатты ұрыстардың нәтижесінде немістердің Таганрогтегі әскер тобын талқандап, бүгін Таганрог қаласын алды. Бұдан бірнеше күн бұрын әскерлеріміз Донецко-Амбросиевка қаласын алып, батыл маневр жасады. Дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп отырып, советтің атты әскер және механизациялы құрамалары неміс әскерлерінің тылына бұзып өтті. Әскерлеріміз батыл алға баса отырып, 15-ден аса елді пунктті, оның ішінде Анастасиевка және Федоровка аудан орталықтарын алды. Весело-Вознесенка елді пунктін алып, әскерлеріміз Азов теңізінің жағалауына шықты, сөйтіп дұшпанның Таганрогтегі әскер тобын қоршауға алу ісін аяқтады. 30 августа Оңтүстік майданының әскерлері шешуші тіке шабуылмен Таганрог қаласы мен портын алды. Әскерлеріміздің бұл жеңісі нәтижесінде Ростов облысы неміс-басқыншылардан толық азат етілді. Немістердің Таганрогтегі талқандалған әскер тобы бөлімдерінің қалдықтарын әскерлеріміз жоюда.

Харьковтың батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, бірсырап елді пункттерді алды. Совет әскерлерінің алға басыуы тоқтауға тырмысып, дұшпан танктерінің және жаяу әскерлерінің ірі күштерімен бірнеше рет қатты қарсы атака жасалды. Гитлершілдердің барлық қарсы атакалары тойтарылды, дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Екі күнді ұрыстарда бұл учаскеде немістердің 35 танкі қыйратылды, өртеді, дұшпанның соғыс жүгі тиелген 160 автомашинасы қыйратылды және бір полктей жаяу әскерлері жойылды.

Харьковтың оңтүстік жағында Н. құрамасының бөлімдері алға басып, бірнеше елді пункттерді алды. Бұл пункттер үшін жүргізілген ұрыстарда немістердің 100нан аса солдаттары мен офицерлері жойылды. Бөлімдеріміз немістерден 10 бүтін танкті, 20 зеңбіректі, көптеген пулеметті және басқа олжаны, 100ден аса адамдарды қолға түсірді.

Совет зенитчиктері мен жаяу әскерлері неміс авиациясын ауыр шығынға ұшыратуда. Үлкен лейтенант Ильиннің зенит батареясы күн тәулік ішінде немістердің 9 бомбардировщигін атып түсірді. Лейтенант Козловтың басқаруындағы зенитчиктер дұшпанның 6 самоләтін жойды. Қызыләскер Титов танк атағын мылтықпен неміс самоләтін атып түсірді. Лейтенант Притульский, сержант Казинский мен қызыләскер Романов танк атағын мылтықтардан бір дүркін оқ атып, дұшпанның шүйілгіш бомбардировщигін жойды.

Брянскінің оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды.

Севскінің батыс жағында немістер тың резервтерін асығыс алып келіп, қатты қарсылық көрсетуде. Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның 17 қарсы атакасын тойтарды. Бұл ұрыстарда жаудың 200нан

аса солдаттары мен офицерлері, дұшпанның 9 танкі, өздігінен жүретін 8 зеңбірегі мен 16 дала зеңбірегі жойылды. Дұшпаннан олжа, оның ішінде 15 зеңбірек, 80 пулемет және оқ-дәрі қойған 3 склад қолға түсірілді. Жаудан адамдар қолға түсірілді. Көршілес учаскеде қыймыл жасаушы танкистеріміз немістердің 20 танкін, оның ішінде 9 „Жолбарыс“ танкін, түрлі калибрлі 23 зеңбірегін, жүк тиелген 140 автомашинасы мен ат-арбасын жойды.

Севскінің оңтүстік жағында Н. құрамасының бөлімдері 10нан 20 километрге дейін алға басып, 50ден аса елді пунктті неміс басқыншылардан азат етті. Дұшпан адам күші және техникасы жағынан ауыр шығынға ұшырады. Немістерден 68 зеңбірек, 250 пулемет, түрлі 11 склад тағы басқа олжа қолға түсірілді.

Новороссийскінің солтүстік-шығыс жағында Н. бөлімінің артиллеристері мен минометчиктері дұшпанның қорған бекіністеріне оқ атып, жаудың 9 атыс бекінісін қыйратты, 8 артиллерия және миномет батареясын жойды. Бір ротадай гитлершілдер қыйрылды.

Латвия партизан отряды дұшпан әскерлерін жөнелтетін тас жолға миналар қойды. Қойылған миналарға соқтығып 3 автомашина талқандалды. 24 гитлершіл жойылды. Осы отрядтың бір топ партизандары немістердің майдан шебіне келіп бара жатқан әскер эшелонның құлағын. Апаттың нәтижесінде паровоз, оқ-дәрі тиелген 14 вагон және солдаттар мен офицерлер мінген 6 вагон қыйратылды.

Немістердің 26-жаяу әскер дивизиясының Қызыл Армия жағына шыққан лейтенанты Йоганн Н. былай деді: „Сталинградта қорқынышты апатқа ұшырауымыз Германияның жеңісіне деген сенімді жоғалтты. 1943 жылдың жазында неміс армиясы Сталинград үшін қайырмышты қайтарады деп бізді сендірген еді. Біз соңғы айларға дейін осы үмітпен тіршілік еттік. Алайда, бұдан кейінгі оқийғалар біздің барлық планымызды әске асырмай, талқандады. Неміс армиясының июльдегі шабуылы күйреді. Дивизиямыз Болхов, Орел және Карачев жанында ауыр ұрыстар жүргізді. Совет әскерлерінің қысым жасауы астында біз үздіксіз кері шегініп, күн сайын орасан көп шығынға ұшырадық. Роталарда 15—20 адам ғана қалды. Мен ұзақ уақыт бойына гитлершіл жастар союзының мүшесі болдым. Мен мектепте оқып жүрген уақыттан бастап, неміс армиясы жеңу үшін қурылған және ол бүкіл Европаны жаулап алып, жеңуге тиіс деп сенетін едім. Соңғы ұрыстар мені көп нәрсеге үйретті. Жағдай мүшкілдеді, біз жардан құлағалы тұрмыз. Германия соғыста ұтылды, сондықтан уақыт барда қару тастауымыз керек. Осының бәрін герең ойлап, мен ротаның тұрған жерін тастап шықтым да, қолға берілдім“.

Таганрогті қалпына келтіру қорына 100 мың сом берді

Молотов атындағы заводтың коллективі Оңтүстік майданның қолбасшысы генерал-полковник Толбухин мен БК(б)П Ростов обкомының секретарі Двинский жолдастың атына мынадай құттықтау телеграмма жіберді.

«Біздің туысқан Таганрогтың азат етілуіне байланысты Таганрог дивизияларының жауынгерлері мен командирлерін және Ростов облысының большевиктерін шын жүрек-

тен құттықтаймыз. Август айының программасын толық орындадық. Жұмыс қарқынын деғұрлым күшейте отырып, сентябрь айының өндірістік планын артығымен орындауға уәде береміз.

Таганрог қаласын қалпына келтіру қорына 100 мың сом қаржы тапсырамыз. Хасиетті жерімізді неміс басқыншылардан тазарту ісінде жауна зор жеңістерге жетуіңізге тілектеспіз».